

Қосымша 2

Қазақ тілін оқыту әдістемесін рәсімдеудің құрылымы мен талаптары

Кіріспе

Негізгі бөлім (бар болса, оқыту әдістерін құрылымы бойынша көрсету: жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)

Шешімдер

Қорытынды (болған жағдайда)

Пайдаланылған әдебиет тізімі

Рәсімдеуге талаптар:

Парақтар саны – 50-ден артық емес, шрифт Times New Roman, кегль 14, жоғарғы, астыңғы, сол жақ жолақ - 2,5 см, оң жақ - 1,5 см)

Қосымша 3

Байқаудың бейнежазбасына қойылатын техникалық талаптар

1. Техникалық талаптар:

- бейнежазбаны YouTube каналында жариялау кажет (Министрлікке тек сілтеме жіберіледі).

- бейнежазбаның ең төменгі ажыратымдылығы – 720x480

- бейнежазба ұзақтығы – 3 мин.

- педагогтің аты-жөні жазылған ақпараттық беттің болуы.

Тақырыпқа сәйкес келмейтін, басқа адамдардың ар-намысы мен сезімін қорлайтын, жарнамалық сипаттағы бейнежазбалар байқауға қабылданбайды.

2. Бейнематериалдың мазмұны 1-сабақтың жазбасын қамтиды, онда оқыту әдістемесінің барлық теориялық және тәжірибелік құралдары қысқа түрде көрініс табуы тиіс.

Қосымша 4

Қазақ тілін оқытудың жобалық әдістемесін бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Заманауи сабақты жобалау (әзірленген сабақ бойынша әдістемелік түсініктемелер, сабақтың технологиялық картасы, дидактикалық материалдар жинағы)	1-10
Озық халықаралық тәжірибелерді бейімдеу және қолдану	1-10
Мемлекеттік тілде оқытылмайтын студенттердің жас және тұлғалық ерекшеліктерінің педагог тарапынан ескерілу дәрежесі	1-10
Білім берудің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану (негізділігі, мақсаттылығы, әртүрлілігі)	1-10
Оқыту нәтижелерін диагностикалау және бағалау, кері байланыс құралдарының болуы (ауызша, жазбаша, практикалық бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерінің және т.б., болуы)	1-10
Студенттің оқу-танымдық іс-әрекетке қызығушылығын ояту және ынталандыру әдістерінің болуы	1-10
Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға арналған шығармашылық және тәжірибелік тапсырмалардың болуы	1-10
Оқыту әдістерін қолданудың кешенділігі (қолдану тәртібі, оқытудың әртүрлі технологияларының, формалары мен әдістерінің бірін-бірі толықтыруы)	1-10
Нәтижелердің болуы (студенттер мен тәрбиеленушілердің олимпиадалардағы, байқаулардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы)	1-10
Оқыту әдістерінің құрылымдылығы (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)	1-10
Барлығы	1-100